

"Өсімдік шаруашылығының шығымдылығы мен өнімінің сапасын арттыруды 2011 жылы субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" 2011 жылғы 15 маусымдағы № 126 қаулыға өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 12 тамыздағы N 181 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 25 тамызда N 2553 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2012 жылғы 05 қаңтардағы N 6/74 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2012.01.05 N 6/74 хаты).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы 2-тармағының 5), 5-1), 5-2) тармақшаларына сәйкес, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өсімдік шаруашылығының шығымдылығы мен өнімінің сапасын арттыруды 2011 жылы субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 маусымдағы № 126 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2547, 2011 жылғы 22 маусымда № 71 (16547) «Дидар», 2011 жылғы 18 маусымда № 68 (19056) «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 3, 4 қосымшасы осы қаулыға 1, 2 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

С. Әбденов

Келісілді:

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

міндетін атқарушы

С. Хасенов

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2011 жылғы 12 тамыздағы
№ 181 қаулысына

1 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2011 жылғы 15 маусымдағы
№ 126 қаулысына

3 қосымша

**Өндірушілер сатқан 1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқышқа
субсидиялардың 2011 жылға арналған нормативтері**

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыш құнын арзандату пайызы, дейін	Сатылған 1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқышты субсидиялаудың 2011 жылға арналған нормативі, теңге
1	Аммиак селитрасы (N-34,4)	50 %	24350
2	Аммофос (N-10:P-46)	50 %	40750
3	Аммоний сульфаты (N-21)	50 %	17500
4	Қарапайым суперфосфат (P-19)	50 %	21250
5	Сульфоаммофос (P-20:N-20:S-40)	50 %	32000
6	"Б" маркалы МЭРС *	50 %	11000
7	Күкірт қышқылды калий (калий сульфаты K2O5-53%)	50 %	72500
8	Хлорлы калий (K2O5-42%, KCl 65%)	50 %	30000

Ескерту: * 1 литрге арналған субсидиялар нормативі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2011 жылғы 12 тамыздағы
№ 181 қаулысына

2 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2011 жылғы 15 маусымдағы

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жеткізушілерден және (немесе) тікелей шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алған 1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқышқа субсидиялардың 2011 жылға арналған нормативтері

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің 1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыш сатып алуға шығындарын өтеу пайызы, дейін	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сатып алған 1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқышқа субсидиялардың 2011 жылға арналған нормативі, теңге
1	К а р б а м и д (N-46,2; N-46,3; N-46,4)	50 %	24000
2	Нитроаммофоска (№ 15:P-15:K-15)	50 %	34000
3	Нитроаммофоска (№ 13:P-15:K-15)	50 %	39000
4	Нитроаммофоска (№ 9:P-25:K-25)	50 %	40000
5	Аммоний сульфаты (N-21)	50 %	17500
6	Калий сульфаты (K-50)	50 %	72500
7	Хлорлы калий (K-42)	50 %	30000
8	Хлорлы калий (K-60)	50 %	26750
9	Супрефос (N-12%P2O5-24%)+Ca Mg S)	50 %	26000